



БҰЙРЫҚ

18.04.2024ж.

Қонаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 30/н

город Қонаев

**Алматы облысы
бойынша тексеру комиссиясы
Төрағасының «Мемлекеттік
аудит объектілерінің
2024 жылға арналған тізбесін
бекіту туралы» 2023 жылғы
22 желтоқсандағы № 109/Н
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағына және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген қағидаларының 30, 31 тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік аудит объектілерінің 2024 жылға арналған тізбесін бекіту туралы» Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) Төрағасының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 109/Н бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік аудит объектілерінің 2024 жылға арналған тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Тексеру комиссиясының мүшелері және Тексеру комиссиясының аппараты Тізбеде көзделген аудиторлық іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуын камтамасыз етсін.

3. Тексеру комиссиясының лауазымды адамдары осы бұйрықпен өздеріне қатысты бөлігінде таныстырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Тексеру комиссиясының аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Комиссия мүшесі А.Кадирдың 2024 жылғы 17 сәуірдегі №03-43/93 қызметтік жазбасы мен өтінімі.

Төраға



М. Мұсаев